

Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттары туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы N 353-I Заңы.

Ескерту. Тақырып жана редакцияда – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## МАЗМҰНЫ

Осы Заң қоғамнан уақытша оқшаулауды заңды негіздерде қамтамасыз ететін арнаулы мекемелер, арнаулы үй-жайлар қызметінің құқықтық негіздерін айқындайды, сондай-ақ оларда ұсталатын адамдардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

Ескерту. Заң кіріспемен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 375-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

#### 1-бап. Осы заңның міндеттері

Ескерту. 1-бап алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 375-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### 1-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде және арнаулы үй-жайларда ұсталатын адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету және мұндай адамдардың соларда ұсталуының заңдылығын қамтамасыз ету осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

Адамдарды арнаулы мекемелерде және арнаулы үй-жайларда ұстau қылмыстық жазаларды, қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларын, әкімшілік жазаны орындау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуі қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін, қоғам мен мемлекет мұдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады және арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тән азабын немесе рухани азап шектіру мақсатындағы әрекеттермен ұштаспауга тиіс.

2. Адамдарды арнаулы мекемелерде және арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттарын айқындау, олардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын қамтамасыз ету осы Заңның негізгі міндеттері болып табылады.

3. Осы Заң мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) зандылық;
- 2) азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі;
- 3) ізгілік;
- 4) жеке адамның абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу.

**Ескерту. 1-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

## **2-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы қабылдау орны - ішкі істер органдарының әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдарды, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдауға және ұстауға арналған арнаулы мекемесі;

2) арнаулы мекемелер - тергеу изоляторы, уақытша ұстау изоляторы, қабылдау-бөлу орны, арнаулы қабылдау орны;

2-1) арнаулы үй-жай – әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында занда белгіленген мерзімге жеке тұлғаның, занды тұлға өкілінің, лауазымды адамның жеке бас бостандығын қысқа мерзімге шектеуге арналған үй-жай;

3) әкімшілік қамауға алынған адам - өзіне қатысты сот әкімшілік қамауға аруды қолдану туралы қаулы шығарған адам;

4) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адам - Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелмеген немесе тұрғын үйі жоқ адам;

5) бір адамдың камера - күзетке алынған бір адамды барынша толық және қатаң оқшаулау мақсатында ұстауға арналған арнаулы үй-жай;

5-1) гауптвахта – әскери полиция органдарының жанынан жабдықталған, мынадай: әкімшілік қамаққа алынған;

қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген құдік бойынша ұсталған, сондай-ақ өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыс жасады деп құдік келтірілген, айыпталған, сottалушы;

қамаққа алуға сottалған;

бас бостандығынан айыруға сottалған әскери қызметшілерді – соттың айыптау үкімі занды күшіне енгенге дейін және оларды жазаны орындау органдарына жібергенге дейін қоғамнан занды негізде уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы үй-жай;

6) жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу – ішкі істер органдарының арнаулы мекемесінде:

белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ адамдардың әрекеттерінде қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері

болмаған кезде және мұндай адамдардың жеке басын өзге де тәсілдермен анықтау мүмкін болмаған кезде оларды;

занды күшіне енген сот үкімінің, шешімінің, қаулысының негізінде мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын, сол сияқты шығарып жіберу туралы сот актісінде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды уақытша оқшаулауды білдіретін, құқық бұзушылықтардың жеке профилактика шарасы;

**7) алып тасталды - ҚР 18.04.2017 № № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

8) қабылдау-бөлу орны – ішкі істер органдарының белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын қуәландыратын құжаттары жоқ адамдарды, олардың әрекеттерінде қылмыстық және әкімшілік құқықтық бұзушылықтар белгілері болмаған және олардың жеке басын өзге тәсілдермен анықтау мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ осы Заңның 46-6-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда әкімшілік қамауға алынған адамдарды қабылдауға және ұстауға арналған арнаулы мекемесі;

9) камера - қабылдау-бөлу орнына, арнаулы қабылдау орнына, уақытша ұстау изоляторына, тергеу изоляторына орналастырылған адамдарды ұстауға арналған үй-жай;

10) күзетпен ұстау – сот санкциясымен адамдарды уақытша ұстау изоляторында, тергеу изоляторында немесе гауптвахтада Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген уақытша оқшаулау;

10-1) тәртіптік изолятор – күзетпен ұстаудың белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзған бір адамды ұстауға арналған камера;

11) тергеу изоляторы – мыналарды:

өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды;

қамауға алуға сотталғандарды;

бас бостандығынан айыруға сотталғандарды;

бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қалдырылғандарды не жіберілгендерді;

мекемелерден Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 88-бабына сәйкес келген сотталғандарды ұстауға арналған арнаулы мекеме;

11-1) уақытша оқшаулау үй-жайы – күзетпен ұстаудың белгіленген тәртібін бұзған кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған камера;

11-2) уақытша ұсталғандарға арналған үй-жай – әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында әскери қызметшілерді занда белгіленген мерзімге мәжбүрлеп ұстауға арналған арнайы бейімделген үй-жай;

12) уақытша ұстau изоляторы – қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген құдік бойынша ұсталған адамдарды, сондай-ақ осы Заңың 46-6-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда әкімшілік қамауға алынған адамдарды күзетпен ұстauға арналған арнаулы мекеме.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 № 375-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.11.09 № 490-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**2-1-бап. Қазақстан Республикасының адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттары туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттары туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 2-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**3-бап. Адамдарды арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұстau мақсаттары**

Ескерту. 3-бап алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**4-бап. Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұстau қағидаттары**

Ескерту. 4-бап алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**5-бап. Адамдарды арнаулы мекемелерге орналастыру негіздері**

Адамдарды арнаулы мекемелерге орналастыру негіздері:

1) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстau таңдалған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына орналастыру судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады;

2) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікпен ұстап алынғандарды уақытша ұстau изоляторына орналастыру тергеуші не анықтаушы толтырған ұстап алу хаттамасы бойынша жүзеге асырылады.

Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстau қолданылған күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталғандарды уақытша ұстau изоляторына орналастыру шалғайлығы немесе тиісті қатынас жолының болмауы салдарынан тергеу изоляторына жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмаған күдіктіні өмір сүру және тәрбиелену жағдайы бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдыру мүмкін болмаған жағдайларда, ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 540-бабында көзделген тәртіппен занға сәйкес бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымға орналастырылуы мүмкін;

3) әкімшілік қамаққа алынған немесе қамаққа алуға сотталған адамдарды уақытша ұстau изоляторларына, арнаулы қабылдау орындарына және қабылдау-бөлу орындарына орналастыру сот актісінің негізінде жүзеге асырылады;

3-1) занғы күшіне енген сот үкімінің, шешімінің, қаулысының негізінде мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын, сол сияқты шығарып жіберу туралы сот актісінде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды арнаулы қабылдау орнына орналастыру ішкі істер органдарының жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу туралы сот санкциялаған қаулысы негізінде жүзеге асырылады. Мұндай адамдардың жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу бұл ретте оларды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуді ұйымдастыру үшін қажетті, бірақ отыз тәуліктен аспайтын мерзімге жол беріледі;

4) белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдау-бөлу орнына орналастыру ішкі істер органдарының сот санкциялаған қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 № 375-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **5-1-бап. Адамды арнаулы үй-жайға отырғызу негізі**

Адамды арнаулы үй-жайға отырғызу уәкілетті лауазымды адам толтырған, әкімшілік ұстап алу туралы хаттама негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-тaraу 5-1-баппен толықтырылды – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **5-2-бап. Әскери қызметшілерді гауптвахталарға және уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабу негіздері**

1. Әскери қызметшілерді гауптвахталарға жабу негіздері:

1) әкімшілік қамаққа алынғандарды жабу судьяның қамаққа алу туралы қаулысының негізінде жүзеге асырылады;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталғандарды жабу тергеуші не анықтаушы жасаған ұстau хаттамасы бойынша жүзеге асырылады;

3) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстau қолданылған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендерді, айыпталушыларды, сottалушыларды жабу судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады;

4) қамаққа алуға сottалғандарды жабу сот үкімі мен оны орындау туралы өкімнің негізінде жүзеге асырылады.

Бас бостандығынан айыруға сottалған әскери қызметшілер айыптау үкімі заңды күшіне енгенге дейін және оларды жазаны орындау органдарына жібергенге дейін сот үкімі негізінде гауптвахталарда ұсталуы мүмкін.

2. Әскери қызметшілерді уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабу әскери полиция органдарының уәкілетті лауазымды адамы жасаған әкімшілік ұстап алу туралы хаттама негізінде жүзеге асырылады.

Шалғайлығы немесе тиісті қатынас жолының болмауы салдарынан гауптвахтаға немесе уақытша ұстau изоляторына жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталған әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органы бойынша кезекшінің жанындағы уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабуга жол беріледі.

**Ескерту. Заң 5-2-баппен толықтырылды – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**6-бап. Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұсталушы адамдардың құқықтық жағдайы**

**Ескерту. 6-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұсталушы адамдар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен зандарында көзделген шектеулермен, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

2. Арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұсталушы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, зандарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

**Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**7-бап. Қылмыстың жасалуына құдікті, айыпталушы адамдарды қүзетте ұстau орындары, оларды есепке алуды жүргізу**

**Ескерту. 7-бап алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**8-бап. Арнаулы мекемелердің және арнаулы үй-жайлардың құқықтық мәртебесі**

1. Тергеу изоляторлары занды тұлға құқықтарына ие болады.

Олар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

2. Уақытша ұстau изоляторлары өздерінің ведомстволық тиесілігіне қарай тиісінше Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

3. Қабылдау-бөлу орындары және арнаулы қабылдау орындары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Төтенше жағдай енгізілген кезде санитариялық талаптарға сай келетін және одан өз еркімен кетіп қалу мүмкіндігін болғызбайтын, белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын қуәланышырының құжаттары жоқ немесе әкімшілік қамаққа алынған адамдарды ұсташа үшін ыңғайластырылған өзге де үй-жайлар жергілікті жер коменданттының шешімімен қабылдау-бөлу орындары және арнаулы қабылдау орындары ретінде пайдаланылуы мүмкін.

4. Арнаулы үй-жайлар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің шешімімен полиция органдарының кезекші бөлімдері жанынан құрылады.

5. Арнаулы мекемелер мен арнаулы үй-жайларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

### **8-1-бап. Гауптвахталар**

1. Гауптвахталар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары жанынан жабдықталады және олардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

2. Гауптвахталарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді олардың ведомстволық тиесілігіне қарай тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қабылдайды.

3. Гауптвахталар қызметінің тәртібі мен ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің жарғысында айқындалады.

**Ескерту. Заң 8-1-баппен толықтырылды – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

### **9-бап. Қазақстан Республикасының ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұсташа изоляторлары**

**Ескерту. 9-бап алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

**9-1-бап. Ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу орындары және арнаулы қабылдау орындары**

**Ескерту. 9-1-бап алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

### **9-2-бап. Арнаулы үй-жайлар**

**Ескерту. 9-2-бап алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **9-3-бап. Уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлар**

1. Гауптвахталар ішінде уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлар жабдықталады, оларға гауптвахта қызметінің тәртібі мен үйымдастырылуы қолданылады.

Уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлар қызметінің тәртібі мен үйымдастырылыу Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнizonдық және қарауылдық қызметтерінің жарғысында айқындалады.

2. Гарнizonдарда гауптвахталар болмаған кезде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органы бойынша кезекшінің жанынан уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлар күрылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органы бойынша кезекшінің жанындағы уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін үйимдастыру тәртібін және олардағы ішкі тәртіптеменің үлгілік қағидаларын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі айқындейды.

**Ескерту. Заң 9-3-баппен толықтырылды – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **10-бап. Жазаларды орындаушы мекемелерді, әкімшілік ұсталуға алынған адамдарды ұстau үшін арнайы жабдықталған үй-жайларды және гауптвахталарды сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстau үшін пайдалану**

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар басқа қылмыстың жасалуына сезікті болған немесе айыпталған жағдайда, олар осы мекемелерде, бірақ жазасын өтеп жатқан басқа сотталғандардан бөлек ұсталуы мүкін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына күдіктілер мен айыпталушылар уақытша ұстau изоляторларына жеткізілгенге дейін әкімшілік ұстап алуға ұшыраған адамдарды ұстau үшін арнайы жабдықталған үй-жайларда ұсталуы мүмкін.

3. Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстau қолданылған күдіктілер және айыпталушылар, заңнамада көзделген негіздер бойынша сараптама тағайындау қажет болған жағдайда, сондай-ақ оларға медициналық көмек көрсету жағдайында осы Заңның 23-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен медициналық мекемелерге орналастырылады.

4. Сезікті және айыпталушы әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша гауптвахталарда ұсталуы мүмкін.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **11-бап. Құзетте ұстau орындарының қызметкерлері**

1. Құзетте ұстau орындарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының құзетте ұстau режимін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқаратын ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамындағы адамдар, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері жатады.

2. Теңіз кемелерінің капитандары, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі аумақтық бөлімшелерінің бастықтары, сондай-ақ олар уәкілдік берген адамдар құзетте ұстau режимін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді атқару кезеңінде құзетте ұстau органдарының қызметкерлеріне осы заңда берілген міндеттерді атқарады және құқықтарды пайдаланады.

3. Осы Заңда құзетте ұстau орындары әкімшілігінің басшылары болып:

- 1) тергеу изоляторларының бастықтары;
- 2) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің бастықтары;
- 3) уақытша ұстau изоляторларының бастықтары;

4) қарауында уақытша ұстau изоляторлары бар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі аумақтық бөлімшелерінің бастықтары;

5) қарауында гауптвахталар бар әскери полиция органдарының бастықтары ұфынылады.

6) алып тасталды - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Құзетпен ұстau орындары қызметкерлерінің мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істеу үшін арнаулы даярлығы, білімі және дағдылары болуға тиіс.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.07.10 № 338, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.29 № 25, 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**12-бап. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстau изоляторларына ауыстырудың негіздемесі**

1. Тергеу изоляторларында ұсталушы сезіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторлары орналасқан елді мекендерден тыс жерлерде тергеу іс-әрекеттерін, сottың істі қарауды жүргізуі үшін аталған іс-әрекеттер мен сот процесін орындау уақытына оларды күн сайын жеткізу мүмкін болмайтын қажетті жағдайларда уақытша ұстau изоляторларына ауыстырылуы мүмкін, бірақ ол отыз тәуліктен аспауға тиіс.

2. Мұндай ауыстыруға прокурордың, судьяның қаулысы, сондай-ақ тергеушінің немесе анықтаушының прокурор, оның орынбасары санкция берген қаулысы негіздеме болып табылады.

**Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **13-бап. Күзетте ұстau мерзімі**

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстau мерзімі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен белгіленеді.

#### **14-бап. Күзетте ұстau орындарындағы режим**

1. Күзетте ұстau орындарында сезіктілер мен айыпталушылар құқықтарының сақталуын, олардың өз міндеттерін атқаруын, оларды оқшаулауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін режим белгіленеді.

2. Режимді қамтамасыз ету күзетте ұстau орындарының әкімшілігіне, сондай-ақ қызметкерлеріне жүктеледі, олар қызметтік міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін занда белгілегендей жауап береді.

#### **15-бап. Күзетте ұстau орындарындағы ішкі тәртіп**

1. Күзепен ұстau орындарында режимді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды күзепен ұстau орындарындағы ішкі тәртіптеме қағидаларын (бұдан әрі – Ішкі тәртіптеме қағидалары) бекіtedі.

Ішкі тәртіп ережелерімен:

1) күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды қабылдап алу және камералар бойынша орналастыру;

2) жеке тінтуді, саусақтарының таңбасын алуды, суретке түсіруді, сондай-ақ күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың заттарын тексеруді жүргізу;

3) күдіктілерден, айыпталушылардан және сотталушылардан сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін алып қою;

4) күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету;

5) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың тамақ өнімдерін, сондай-ақ ең қажетті нәрселер мен басқа да өнеркәсіп тауарларын сатып алу;

6) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың сәлемдемелер,

сәлем-сауқаттар алу және жіберу;

7) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың жеделхаттар, хаттар, ақша аударымдарын алу және жіберу;

8) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың ұсыныстар, арыздар және шағымдар жолдау;

9) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың діни жоралар жасауы;

10) айыпталушыларды еңбекке тарту;

11) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуы;

12) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың газеттер мен журналдарға жазылуын жүргізу;

13) күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды медициналық-санитариялық қамтамасыз ету;

14) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың күн сайын серуенге шығарылуы;

15) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың осы Заңың 17-бабында аталған адамдармен жолығысуын өткізу;

16) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың тергеу әрекеттері мен сот мәжілістеріне қатысуын қамтамасыз ету;

17) күзетте ұстау орындары әкімшілігі басшысының және ол уәкілдік берген адамдардың күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды жеке қабылдауы;

18) күзетте ұстау орындарында қайтыс болған күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың мәйіттерін беру;

19) күдіктілерге, айыпталушыларға және сотталушыларға көтермелей және жазалау шараларын қолдану;

20) күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды күзеттен босату тәртібі белгіленеді.

2. Ішкі тәртіп ережелерінде сол сияқты күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың күзетте ұстау орындарындағы мінез-құлық ережелері, тамақ өнімдерінің, ең қажетті заттардың, аяқ киімдердің, киім-кешектердің және күдіктілер, айыпталушылар және сотталушылар өзінде ұстап, сақтап, сәлемдемелермен, сәлем-сауқаттармен алуына болатын және қолма-қол ақшасыз есеп айырысып сатып ала алатын басқа да өнеркәсіп тауарларының тізбесі мен мөлшері белгіленеді, сондай-ақ күдіктілерге, айыпталушыларға және сотталушыларға белгіленген ақылы қызмет түрлерінің тізбесі көрсетіледі.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.29 № 25; 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

**16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік алпыс қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **2-тарау. Қылмыстың жасалуына күдіктілер мен айыпталушыларды құзетте ұстай**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 № 375-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **16-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары**

1. Сезіктілер мен айыпталушылардың құзетте ұстай орындарында болған кезенде:

1) өздерінің құқықтары мен міндеттері, құзетте ұсталу режимі, тәртіптік талаптар, ұсыныстар, арыздар мен шағымдар беру тәртібі туралы ақпарат алуға;

2) құзетте ұстай орындарында жеке басының қауіпсіздігіне;

3) құзетте ұстай орны әкімшілігінің басшысына және құзетте ұстай орындарындағы қызметті бақылайтын адамдарға аталған адамдар оның аумағында болған уақыттарда өтініш жасауға;

4) қорғаушысымен жолығысуларға;

5) туыстарымен және осы Заңның 17-бабында аталған өзге де адамдармен жолығысуларға;

6) құқыққа қарсы мақсатта пайдаланылуы мүмкін немесе мемлекеттік немесе занмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтері бар құжаттар мен жазбаларды қоспағанда, қылмыстық іске қатысты не өзінің құқықтары мен занды мұдделерін іске асыру мәселелеріне байланысты құжаттар мен жазбаларды өзінде сақтауға;

7) өздерінің құзетте ұсталуының зандылығы мен негізділігі және өздерінің занды құқықтары мен мұдделерінің бұзылуы туралы мәселелер бойынша ұсыныстармен, арыздармен, соның ішінде сотқа жүргінуге;

8) хат жазысуға және жазу құралдарын пайдалануға;

9) тегін тамақ алуға, материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз етілуге;

10) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздерін іс жүргізуге және өзге де іс-әрекеттерге тартуға тыйым салынатын түнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға;

11) күн сайын ұзақтығы бір сағаттан кем емес серуендеуге;

12) тізбесі мен саны Ішкі тәртіп қағидаларында айқындалатын заттар мен нәрселерді пайдалануға;

13) құзетте ұстай орындарындағы кітапханадан алынған не құзетте ұстай орындарының әкімшілігі арқылы сауда желісінен сатып алынған әдебиетті және мерзімді баспасөз басылымдарын, сондай-ақ стол үсті ойындарын пайдалануға;

14) Ішкі тәртіп ережелері және басқа сезіктілер мен айыпталушылар құқықтары сақталуы шартымен сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстau орындарында діни жоралар жасауға, өзінде діни әдебиет, ғибадат заттарын ұстauға;

15) өзінің білімін көтерумен шұғылдануға және арнайы әдебиетті пайдалануға;

16) сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттар алуға;

17) күзетте ұстau орындары қызметкерлерінің тарапынан сыпайы арақатынасқа;

18) азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға;

19) заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Тергеу изоляторларында ұсталуши сезіктілер мен айыпталушылардың сондай-ақ:

1) ақша аударымдарын алуға және жөнелтуге;

2) некеге отыруға және оны бұзуға, егер олар зандарға қайшы келмеген жағдайда, өзге де отбасылық-құқықтық қатынастарға қатысуға;

3) тергеу орнындағы дүкеннен (дүңгіршектен) не күзетте ұстau орындарының әкімшілігі арқылы сауда желісінен тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды сатып алуға;

4) газеттер мен журналдарға жазылуға және оларды алуға;

5) әкімшіліктен қажет болған жағдайда күзетте ұстau орындарында киіп жүргүре рүқсат етілген маусымдық киім-кешек алуға құқығы бар.

2-1. Сөйлеу не есту не көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдар болып табылатын құдіктілер мен айыпталушылардың дактильді-ымдау тілін немесе Брайль әліпбиін менгерген мамандардың көрсететін қызметтерін пайдалануға құқығы бар.

3. Күзетте ұсталуши сезіктілер мен айыпталушыларға тиісті жағдайлар болған кезде еңбек етуге мүмкіндік беріледі.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың жоғарыда аталған құқықтардан басқа Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген құқықтары бар.

**Ескерту.** 16-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

**17-бап. Қорғаушыларымен, туыстарымен және өзге де адамдармен жолығысулар**

1. Құдіктілерге, айыпталушыларға және сottалушыларға ұстап алынған кезінен бастап қорғаушымен оңаша және құпия кездесулер беріледі. Кездесулердің саны мен ұзақтығы шектелмейді.

Мынадай жағдайларда:

1) "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген адвокат куәлігін және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаны көрсетуі бойынша – қорғаушы ретінде іске қатысушы адвокатпен;

2) қорғаушы болып тағайындалғаны туралы қоғамдық бірлестіктің немесе оның басшы органының тиісті шешімін көрсетуі бойынша - қорғаушылар болып табылатын кәсіптік одактардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен;

3) сottың қаулысын, тергеушінің немесе анықтаушының қаулысын, сондай-ақ өзінің жеке басын куэландыратын құжатты көрсетуі бойынша – қорғаушылар ретінде іске қатысушы өзге де адамдармен;

4) қылмыстық процесті жүргізетін органның шешімін көрсетуі бойынша – шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің ресми өкілімен кездесуге рұқсат беріледі.

2. Қылмыстық процесті жүргізетін адамның немесе органның жазбаша рұқсаты негізінде құдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың туыстарымен және өзге де адамдармен – айна екі реттен аспайтын, ал кәмелетке толмағандардың үш реттен аспайтын, әрқайсының ұзақтығы үш сағатқа дейін болатын кездесуіне рұқсат берілуі мүмкін.

3. Туыстарымен және өзге де адамдармен кездесу күзетпен ұстай орындары қызметкерлерінің бақылауымен жүзеге асырылады. Құдіктіге, айыпталушыға және сотталушыға қылмыстық іс бойынша ақықатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыс жасауға ықпал етуі мүмкін тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін не мәліметтерді беруге әрекет жасалған жағдайда, кездесу мерзімінен бұрын үзіледі.

**4. Алып тасталды – ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

5. Жұқпалы ауруы бар (ВИЧ/ЖКТБ (СПИД) және туберкулез) науқастарға жолығысулар саны мен ұзақтығы медициналық қызметкермен (дәрігермен) алдын-ала әңгімелесіп, ауруды жүқтყыру мүмкіндігі туралы жазбаша хабарланғаннан кейін белгілеген тәртіппен беріледі.

**Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.11 № 230-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2018 № 177-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.**

**18-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Сезіктінің немесе айыпталушының өмірі мен денсаулығына қауіп төнген не басқа сезіктілер мен айыпталушылардың жеке басына қарсы қылмыс жасалу қаупі туындаған кезде күзette ұстай орындарының қызметкерлері осындай қауіп төнген сезіктінің немесе айыпталушының жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде деру шаралар қолдануға міндетті.

**19-бап. Хат жазысу**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға туыстары мен өзге де адамдардан айна екі хат немесе жеделхат алуға және жөнелтуге рұқсат етіледі. Хат- хабарларды жөнелту және алу сезіктілер мен айыпталушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Сезіктілер мен айыпталушылардың хат жазысуы қылмыстық істі жүргізуші және цензуралуға тиіс адамның немесе органның рұқсаты бойынша күзетпен ұстау орнының әкімшілігі арқылы ғана жүзеге асырылады, бұған осы Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген жағдайлар қосылмайды.

3. Қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал етуі мүмкін мәліметтерді қамтитын, құпия жазумен, шифрмен жазылған, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялары бар хаттар адресатқа жіберілмейді, күдіктілер мен айыпталушыларға табыс етілмейді және іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан адамға немесе органға беріледі.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталушы адамдармен хат жазысуы қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

5. Сезікті мен айыпталушының атына келіп түскен хаттарды тапсыруды, сондай-ақ оның хаттарын адресаттарға жөнелтуді, мереке және демалыс күндерін қоспағанда, хат келіп түскен немесе оны сезікті және айыпталушы тапсырған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей, күзette ұстау орнының әкімшілігі жүргізеді. Хатты мемлекеттік тілге немесе ресми қолданылатын орыс тіліне аудару қажет болған жағдайда оны тапсыру мерзімі аудару үшін қажетті уақытқа ұзартылуы мүмкін.

6. Жақын туысының қайтыс болғандығы немесе ауыр науқастығы туралы мәліметтер сезіктіге немесе айыпталушыға ол мәліметтер алынғаннан кейін деруе хабарланады.

7. Сезіктінің немесе айыпталушының атына ол күзette ұстау орнынан кеткеннен кейін келіп түскен хаттар алынғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей оның кеткен жері бойынша жөнелтіледі.

**Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **20-бап. Ұсыныстарды, арыздарды және шағымдарды жолдау**

1. Сезіктілер мен айыпталушылардың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жолдаған ұсыныстары, арыздары мен шағымдары күзette ұстау орнының әкімшілігі арқылы жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге және оның өкілдеріне, прокурорға, сотқа, сондай-ақ арнаулы мекемелер мен үй-жайлар, гауптвахталар қарамағында болатын орталық мемлекеттік органдарға (олардың ведомстволары мен органдарына) жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар цензурадан өткізілмейді және адресатқа желімдеп жабылған түрінде деруе жіберіледі.

3. Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстарды, арыздар мен шағымдарды қүзетте ұстай орындарының әкімшілігі олар берілген кезден бастап бір тәуліктен кешіктірмей қарал, жөнелтуге тиіс.

4. Қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға кедергі келтіруі немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал етуі мүмкін мәліметтері бар, қупия жазумен, шифрмен жазылған, мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ұсыныстарға, арыздар мен шағымдарға қатысты осы Заңның 19-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіп қолданылады.

5. Соттың, анықтаушының, анықтау органдары бастығының, тергеушінің немесе прокурордың іс-әрекеттері мен шешімдеріне жасалған шағымдар Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен дереу жіберіледі.

6. Ұсыныстарға, арыздар мен шағымдарға жауаптар сезіктілер мен айыпталушыларға қолы қойғызыла отырып хабарланады және жеке істеріне тігіледі.

7. Өздерінің құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылуына байланысты ұсыныстар, арыздар мен шағымдар жасағаны үшін сезіктілер мен айыпталушыларды кез келген нысанда қудалауға жол берілмейді. Күзетте ұстай орындарының мұндай қудалауға кінәлі лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

**Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **21-бап. Тамақтану, тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды сатып алу**

Сезіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен айқындалатын нормалар бойынша денсаулығы мен күш-қуатын сақтау үшін жеткілікті тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Сезіктілер мен айыпталушыларға осы Заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынғандарын қоспағанда, қолма-қол ақшасыз есеп айырысып тамақ өнімдерін, ең қажетті заттарды, сондай-ақ басқа да өнеркәсіп тауарларын сатып алуға құқық беріледі.

**Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **22-бап. Материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету**

1. Күзетте ұстай орнының әкімшілігі сезіктілер мен айыпталушыларға гигиенаның, санитарияның және өрт қауіпсіздігінің талаптарына сай келетін жағдайлар жасауға міндетті.

2. Сезіктілер мен айыпталушылар бір адамға шаққанда кемінде екі жарым шаршы метр санитариялық алаң нормасы негізге алынатын үй-жайларда ұсталуға тиіс.

3. Сезіктілер мен айыпталушыларға жеке жатын орын, төсек-орын мен ас ішу құралдары берілуге тиіс.

4. Барлық камералар радиохабар құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс. Камераларға құзетпен ұстай орнының кітапханасынан әдебиет пен мерзімді баспасөз басылымдарын беруге рұқсат етіледі.

## **23-бап. Медициналық-санитариялық қамтамасыз ету**

1. Құзетте ұстай орнының әкімшілігі белгіленген санитариялық- гигиеналық және жүқпалы ауруларға қарсы талаптардың сақталуын, сезіктілер мен айыпталушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге міндettі.

2. Кудіктілер мен айыпталушыларға медициналық, оның ішінде психиатриялық көмек көрсету тәртібін, сондай-ақ оларды медициналық мекемелерде ұстай мен оларға қызмет көрсетуге осы мекемелердің персоналын тарту тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Қорғаныс министрлігі айқындаиды.

2-1. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі тергеу изоляторының әкімшілігі күдіктілер мен айыпталушыларға медициналық қызмет көрсету үшін үй-жайлар береді және осы үй-жайлардың тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

3. Сезіктілер мен айыпталушылар дene жаракатын алған жағдайда куәландыруды құзетте ұстай орындарының медициналық қызметкерлері кешіктірмей жүргізеді. Медициналық куәландырудың нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітіледі және зардан шегушіге хабарланады. Медициналық куәландыруды құзетте ұстай орнының әкімшілігі басшысының не қылмыстық істі жүргізуі адамның немесе органның шешімі бойынша медициналық ұйымдардың қызметкерлері жүргізеді.

4. Сезікті немесе айыпталушы ауыр науқастанған не қайтыс болған жағдайда құзетте ұстай орнының әкімшілігі оның жақын туыстарына және осы факт бойынша тексеру жүргізетін прокурорға хабарлайды. Қайтыс болған адамның мәйіті патология-анатомиялық зерттеуден, сондай-ақ заңдарда көзделген іс-әрекеттер жүргізілгеннен кейін оны сұраған адамдарға беріледі. Қайтыс болып, мәйіті сұралмаған адамды жерлеу мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

5. Сезіктінің немесе айыпталушының қайтыс болуы мүмкін ауыр науқасы байқалған жағдайда медициналық қорытынды болса, тергеу изоляторы әкімшілігінің прокурорға және істі жүргізуі органның алдына бұлтартпау шарасын өзгерту туралы мәселе қоюға құқығы бар.

6. Тергеу изоляторында немесе уақытша ұстай изоляторында ұсталушы шетелдік қайтыс болған жағдайда құзетте ұстай орнының әкімшілігі ол туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне дереу хабарлайды. Сонымен бірге

бас бостандығынан айыру орындарында зандардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға, сондай-ақ қайтыс болған адам азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне немесе өзге де өкілдігіне жазбаша түрде хабарлайды.

**Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2004.12.29 № 25; 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен. 24-бап. Сәлемдемелер, сәлем-сауқаттар және ақша аударымдарын алу**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға салмағы почта ережелерінде көзделген нормалардан аспайтын сәлемдемелер мен сәлем-сауқатты мөлшерін шектемей алып тұруға рұқсат етіледі.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға құзетте ұстau орындарына келіп түскен ақша аударымдары олардың жеке шоттарына қосылады. Сезіктілер мен айыпталушылар құзетте ұстau орындары әкімшілігінің рұқсатымен өз қаражатынан туыстарына және өзге де адамдарға ақша аударымдарын жөнелте алады.

3. Құзетте ұстau орнының әкімшілігі дәрігердің қорытындысы бойынша дәрілік заттармен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайларда сезіктілер мен айыпталушылар үшін оларды қабылдай алады.

4. Сезіктілер мен айыпталушыларға адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп тәндіретін немесе қылмыс қаруы ретінде пайдаланылуы мүмкін не құзетте ұстaudың мақсатына кедергі келтіруге арналған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін беруге тыйым салынады.

5. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін тексеруден жасырып қалу немесе сезіктілер мен айыпкерлерге беру, сондай-ақ белгіленген ережелерге қарамастан оларға кез келген нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін беру зандарға сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

**Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.12.2021 № 95-VII (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **25-бап. Қосымша ақылы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету**

1. Тергеу изоляторларында күдіктілер, айыпталушылар және сотталушылар мүмкіндігіне қарай, қосымша ақылы тұрмыстық және медициналық көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етіледі.

2. Күдіктілерге, айыпталушыларға және сотталушыларға ақылы тұрмыстық қызметтерді тергеу изоляторының әкімшілігі көрсетеді, олардың тізбесі мен көрсетілу тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілейді.

3. Күдіктілерге, айыпталушыларға және сотталушыларға ақылы медициналық қызметтерді Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес тергеу изоляторларында орналасқан медициналық ұйымдар көрсетеді.

**Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**26-бап. Айыпталушыларды еңбекке тарту**

1. Тиісті жағдайлар болған кезде айыпталушылар, өздерінің тілегі бойынша, белгіленген тәртіппен тергеу изоляторлары аумағында еңбекке тартылады.

2. Айыпталушылардың жалақысы заңда көзделген ұстап қалулардан кейін олардың жеке шоттарына аударылады.

3. Айыпталушыларды еңбекке тарту алдын ала тергеу мен анықтауға кедергі келтірмеуге тиіс.

**27-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың тергеу іс-эрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету**

1. Күзетте ұстай орындарының әкімшілігі тергеушінің, анықтауды жүргізуі адамның, прокурордың немесе соттың (судьяның) нұсқауы бойынша сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстай орындарына қабылдауды және оларды жіберілген жеріне жөнелту үшін айдауылға беруді қамтамасыз етеді.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды тергеу іс-эрекеттеріне және сот отырыстарына қатысадан босату заңдарда көзделген негіздерде жүзеге асырылады.

**28-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың азаматтық- құқықтық мәмілелерге қатысуы**

Сезіктілер мен айыпталушылардың, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық істі жүргізуі адамның немесе органның рұқсатымен және Ішкі тәртіп ережелерінде белгіленген ретпен, өздерінің өкілдері арқылы немесе тікелей азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға құқығы бар.

**29-бап. Әйелдерді күзетте ұстаудың ерекшеліктері**

1. Сезікті және айыпталушы әйелдер үш жасқа дейінгі балаларын өздерімен бірге ұстай алады.

2. Күзетпен ұстай орындарында жүкті әйелдер және өзімен бірге балалары бар әйелдер үшін жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады, мамандандырылған медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен айқындалатын тамақтандырудың және затпен қамтамасыз етудің көтерінкі нормалары белгіленеді.

3. Жүкті әйелдерге және жанында балалары бар әйелдерге күн сайын ұзақтығы үш сағатқа дейінгі серуен беріледі.

4. Жүкті әйелдерге және жанында балалары бар әйелдерге жазалау шаrasы ретінде тәртіптік изоляторға отырғызууды қолдануға болмайды.

5. Қажет болған жағдайда күзетте ұстай орнының әкімшілігі заңда белгіленген тәртіппен баланы туыстарына немесе өзге де адамдарға не балалар мекемесіне уақытша беру туралы өтініш жасауы мүмкін.

**Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

30.12.2021 № 95-VII (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **30-бап. Кәмелетке толмағандарды құзетте ұстаудың ерекшеліктері**

1. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен тамақтандырудың көтеріңкі нормалары белгіленеді.

2. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушылардың күн сайынғы серуендерінің ұзақтығы екі сағаттан кем емес болып белгіленеді. Серуендеу кезінде кәмелетке толмағандарға дene жаттығулары мен спорт ойындары үшін мүмкіндік беріледі.

3. Жағдай болған кезде кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға кинофильмдер көрсетіледі, олар үшін телехабарлар көру ұйымдастырылады, спортпен шұғылдану және басқа да демалыстар үшін үй-жайлар, сондай-ақ ашық ауда спорт алаңдары жабдықталады.

4. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға оқулықтар мен мектеп-жазу қуралдарын сатып алуға және алуға, сондай-ақ оларды осы Заңының 24-бабында көзделген нормалардан асатын сәлем-сауқаттар мен сәлемдемелер арқылы алуға рұқсат етіледі.

**Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

**3-тарау. Құзетте ұстау орындарында оқшаулауды қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтарға жол бермеу**

### **31-бап. Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар жалпы немесе осы Заңының 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарына сәйкес бір кісілік камераларда ұсталады.

2. Құзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының прокурор санкция берген дәлелді қаулысы бойынша сезіктілер мен айыпталушыларды бір кісілік камераға бір тәуліктен астам мерзімге орналастыруға жол беріледі. Сезіктілер мен айыпталушыларды бір кісілік камераларға орналастыруға мынадай жағдайларда:

1) осы Заңының 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарын сактауды қамтамасыз етудің өзгедей мүмкіндігі болмаған кезде;

2) сезіктінің немесе айыпталушының не басқа да сезіктілердің немесе айыпталушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде ;

3) сезіктінің немесе айыпталушының жеке ұстау туралы жазбаша арызы болған кезде;

4) сезіктілер мен айыпталушылардың тұнгі уақытта бір кісілік камераларға орналастыру кезінде, егер күндіз олар жалпы камераларда ұсталса, прокурордың санкциясы талап етілмейді.

3. Сезіктілер мен айыпталушылардың басқа камераларда немесе құзетте ұсташа орындарының өзге де үй-жайларында ұсталатын сезіктілермен және айыпталушылармен сөйлесуіне, оларға қандай да болсын нәрселер беруіне және хат жазысуына жол берілмейді.

4. Сезіктілер мен айыпталушылардың бостандықта жүрген адамдармен сөйлесуі, қандай да болсын нәрселер беруі және хат жазысуы осы заңың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Оқшаулауды қамтамасыз етудің негізгі талаптары сезіктілер мен айыпталушыларды олар құзетте ұсталатын жерлерден тыс жерлерге ауыстырылған кезде сақталуға тиіс.

### **32-бап. Камераларда бөлек орналастыру**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды камераларға орналастыру олардың жеке басы мен психологиялық сыйысымдылығы ескеріле отырып жүргізіледі. Темекі тартатындар мүмкіндігіне қарай темекі тартпайтындардан бөлек орналастырылады.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды, сондай-ақ сотталғандарды камераға орналастырған кезде мынадай талаптардың сақталуы міндетті:

1) мыналар:

еркектер мен әйелдер;

кәмелетке толмағандар ұсталатын камерада құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қылмыстық жауаптылықта алғаш рет тартылған оң мінезделетін ересектерді ұсташа қажет болған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандар мен ересектер;

алғаш рет қылмыстық жауапқа тартылуши адамдар мен бұрын бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған адамдар;

өздеріне қатысты үкімдер заңды күшіне енген сотталғандардан сезіктілер, айыпталушылар;

бір қылмыстық іс бойынша немесе өзара байланысты бірнеше істер бойынша сезіктілер мен айыпталушылар бөлек ұсталады;

2) мыналар:

өте ауыр және ауыр қылмыстар жасалуына сезіктілер мен айыпталушылар; қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде сотталғандар;

басқа сезіктілерден, айыпталушылардан бөлек ұсташа жағдай болған кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

судьялар, адвокаттар, әділет органдарының қызметкерлері, ішкі істер, прокуратура, салық, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік кіріс органдарының, сыйайлар жемқорлықта қарсы қызметтің, экономикалық тергеу қызметінің, кеден органдарының қызметкерлері, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери

қызметшілері, Қазақстан Республикасы ішкі әскерлерінің, Ұлттық ұланының, Қарулы Қүштерінің әскери қызметшілері болып табылатын немесе болған адамдар;

күзетте ұстай орны әкімшілігінің не қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның жазбаша шешімі бойынша өмірі мен денсаулығына басқа сезіктілер мен айыпталушылардың тарапынан қауіп төнген сезіктілер мен айыпталушылар;

жұқпалы аурулармен ауыратындар немесе айрықша медициналық күтім мен бақылауды қажет ететіндер басқа сезіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұсталады.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.11.2014 № 257-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-баптың 12) тармақшасынан қараңыз); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарамен.

### **33-бап. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзету және оларды қадағалау**

1. Қамауда және қадағалауда ұстай орындарындағы құдіктілер мен айыпталушылар осы орындардың аумақтарында айдауылдың не болмаса қамауда ұстай орындары қызметкерлерінің ілесіп жүруімен жүріп-тұрады. Қадағалауды жүзеге асыру мақсатында дыбыс және бейне техникалар пайдаланылуы мүмкін.

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту, саусақтарының таңбасын алу және суретке түсіру жүргізіледі. Олар орналастырылатын үй-жайлар тінтіліп, ал олардың заттары, сәлем-сауқаттары мен сәлемдемелері тексеріледі.

3. Күзетте ұстай орындарында табылған және иесі анықталмаған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар алып қойылады, ол туралы хаттама жасалып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды өткізу құзыретіне кіретін уәкілетті органға беріледі.

4. Тексеру кезінде ерікті түрде тапсырылған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар алып қойылады және Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес сезікті немесе айыпталушы босатылғанға дейін күзетте ұстай орындарында пайдалану және билік ету құқығының сақталады. Күзетте ұсталған адамдар сотталған және бас бостандығынан айыру орындарына жіберілген жағдайда жоғарыда аталған ақша, бағалы қағаздар мен бағалы заттар тізімдеме бойынша қылмыстық жазалауды атқарушы мекемеге беріледі.

5. Сезіктілер мен айыпталушылардың сақтауына және пайдалануына тыйым салынған нәрселер, заттар мен тамақ өнімдері күзетте ұстau орындарының әкімшілігіне сақтауға беріледі не соттың шешімі бойынша жойылады.

6. Күзетпен ұстau орындарының қызметкерлері адамдардың күзетпен ұстau орындарының аумағына кірген және шыққан кездегі заттары мен киімдерін жете тексеруді, сондай-ақ кірген және шыққан көлік құралдарын жете тексеруді, құдіктілер мен айыпталушылардың сақтауына және пайдалануына тыйым салынған нәрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін алып қоюды жүргізеді.

7. Күзетпен ұстau орындарында қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу және ашу, сондай-ақ барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, оларды әшкереleу және жолын кесу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шаралары және жасырын тергеу іс-қимылдары жүргізіледі.

**Ескерту. 33-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.10 № 228-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай откен соң қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.**

#### **34-бап. Күзетте ұстau орындарына жapsарлас жатқан аумақтарда режимдік талаптарды қамтамасыз ету**

Тергеу изоляторларына тікелей жapsарлас жатқан және шекарасын жергілікті атқарушы орган белгілеген аумақтарда қылмыстық-атқару жүйесі органдарының ұсынуы бойынша режимдік талаптар орнатылуы мүмкін.

**Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.29 № 25 Занымен.**

#### **35-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың негізгі міндеттері**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар:

1) осы Занмен және Ішкі тәртіп ережелерімен белгіленген күзетте ұстau тәртібін сақтауға;

2) күзетте ұстau орындары әкімшілігінің занды талаптарын орындауға;

3) гигиена мен санитария талаптарын сақтауға;

4) күн сайынғы серуенге шығуға (серуеннен босатуды күзетте ұстau орны медициналық қызметкерінің қорытындысы бойынша күзетте ұстau орнының бастығы жүзеге асырады);

5) өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға;

6) күзетте ұстau орындарының мұлкіне ұқыпты қарауға;

7) кезектілік тәртібімен камераларды және басқа да бөлмелерді тазалауға;

8) күзette ұстау орындары қызметкерлерінің, сезіктілер мен айыпталушылардың, сондай-ақ басқа да адамдардың абыройын қорлайтын іс-әрекеттер жасамауға;

9) күзette ұстау орындарының қызметкерлеріне, сондай-ақ күзette ұстау тәртібін қамтамасыз ететін өзге де адамдарға олардың қызметтік міндеттерін атқаруына кедергі келтірмеуге;

10) өзінің өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қасақана іс-әрекеттер жасамауға міндетті.

2. Сезіктілер мен айыпталушыларға осы Заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынған нэрселерді, заттар мен тамақ өнімдерін өзінде ұстауға, сондай-ақ оларды сақтауға және пайдалануға тыйым салынады.

### **36-бап. Көтермелеге шаралары және оларды қолдану тәртібі**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларға міндеттерін үлгілі орындағаны, күзette ұстаудың белгіленген тәртібін сақтағаны үшін мынадай көтермелеге шаралары қолданылуы мүмкін:

1) бұрын белгіленген жазаны мерзімінен бұрын алу;

2) кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға спортпен шұғылдануға арналған үй-жайларға қосымша баруға, сондай-ақ бос уақытын өткізуіндегі басқа да нысандарына рұқсат беру.

2. Көтермелеге күзette ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары қолданады.

### **37-бап. Жазалау шаралары**

Белгіленген міндеттерді орындағаны үшін күдіктілер мен айыпталушыларға мынадай жазалау шаралары:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) он бес тәулікке дейінгі мерзімге тәртіптік изоляторға жабу;

4) кәмелетке толмаған күдіктілер мен айыпталушыларды жетпіс екі сағатқа дейінгі мерзімге уақытша оқшаулау үй-жайына жабу қолданылуы мүмкін.

**Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **38-бап. Жазалау шараларын қолдану тәртібі**

1. Күзette ұстаудың белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазаны күзette ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары қолданады. Бір тәртіп бұзғандығы үшін кінәлі адамға бір жазадан артық жаза қолданылмайды.

2. Жаза тәртіп бұзуды жасаудың мән-жайлары және сезікті мен айыпталушының мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады. Жаза тәртіп бұзушылық белгілі болған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер тәртіп бұзушылыққа байланысты тексеру жүргізілсе - ол аяқталған күннен бастап, бірақ тәртіп бұзушылық жасалған күннен бір айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін. Жаза, әдетте, дереу, ал оны дереу

қолдану мүмкін болмаған жағдайда - ол белгіленген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

3. Жаза қолданылғанға дейін сезіктіден немесе айыпталушыдан жазбаша түсініктеме алынады, ал түсініктеме беруден бас тартылған жағдайда ол туралы тиісті акт жасалады.

4. Сөгіс түріндегі жаза ауызша немесе жазбаша нысанда, басқа жазалар - жазбаша нысанда қолданылады.

5. Сезіктілер мен айыпталушылардың жазаға жоғары тұрган лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағымдануға құқығы бар. Шағым беру жазаның орындалуын тоқтата тұрмайды.

### **39-бап. Тәртіптік изоляторда, уақытша оқшаулау үй-жайында ұстau**

1. Күдіктілер мен айыпталушылар:

1) басқа күдіктілер мен айыпталушыларға қысым көрсеткені және оларды қорлағаны;

2) күзетпен ұстau орындары қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың заңды талаптарына бағынбағаны не оларды қорлағаны;

3) оқшаулау қағидаларын бірнеше рет бұзғаны;

4) алкогольдік ішімдіктерді сақтағаны, дайындағаны және ішкені;

5) сақтауға және пайдалануға тыйым салынған басқа да нәрселерді, заттар мен тاماқ өнімдерін сақтағаны, дайындағаны және пайдаланғаны;

6) құмар ойындарға қатысқаны үшін тәртіптік изоляторға, ал кәмелетке толмағандар уақытша оқшаулау үй-жайына отырғызылуы мүмкін.

2. Тәртіптік изоляторға, уақытша оқшаулау үй-жайына жабу түріндегі жаза сөгіс түрінде екі және одан да көп рет жаза қолданылған күдіктілер мен айыпталушыларға да қолданылады.

3. Тәртіптік изоляторға, уақытша оқшаулау үй-жайына жабу күзетпен ұстau орны әкімшілігі бастығының немесе оның міндетін атқаруши адамның қаулысы және күдіктіні немесе айыпталушыны тәртіптік изоляторда, уақытша оқшаулау үй-жайында ұстau мүмкіндігі туралы медициналық қызметкердің қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

4. Күдіктілер мен айыпталушылар тәртіптік изоляторда, уақытша оқшаулау үй-жайында жеке жатын орнымен және төсек-орындармен белгіленген сағаттарда үйіктайтын уақытқа ғана қамтамасыз етіледі.

5. Тәртіптік изоляторға, уақытша оқшаулау үй-жайына жабылған күдіктілер мен айыпталушыларға:

1) қорғаушымен жолығудан басқа, хат жазысуға, жолығуларға;

2) тاماқ өнімдері мен ең қажетті нәрселерді сатып алуға;

3) хаттар, сауқаттар және сәлемдемелер алуға;

4) үстел үсті ойындарын, кітаптарды, газеттерді, журналдарды және өзге де әдебиетті пайдалануға тыйым салынады.

Сауқаттар мен сөлемдемелер күдіктілер мен айыпталушыларға олардың тәртіптік изоляторда, уақытша оқшаулау үй-жайында болу мерзімі аяқталғаннан кейін табыс етіледі.

Тәртіптік изоляторда, уақытша оқшаулау үй-жайында ұсталушы күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты осы бапта көзделмеген өзге де шектеулерге жол берілмейді.

Олардың ұсыныстар, арыздар және шағымдар жіберуі осы Заңың 20-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Күзетпен ұстау орны әкімшілігі бастығының немесе оның міндетін атқарушы адамның тәртіптік изоляторға, уақытша оқшаулау үй-жайына отырғызу түріндегі жазаны орындауды кейінге қалдыруға, күдіктің немесе айыпталушыны медициналық көрсетілімдерді ескере отырып мерзімінен бұрын босатуға құқығы бар. Егер жазаны орындауды ұзарту мерзімі медициналық көрсетілімдер бойынша жазаны қолданған күннен бастап бір айдан асып кетсе, онда күдікті немесе айыпталушы жазадан босатылуы мүмкін.

7. Емізулі балалары бар әйелдер, жүкті әйелдер және кәмелетке толмағандар тәртіптік изоляторға жабылмайды.

**Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - КР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **40-бап. Сезіктілер мен айыпталушылардың материалдық жауапкершілігі**

1. Сезіктілер мен айыпталушылар күзетте ұсталған уақытында мемлекетке материалдық залал келтіргені үшін:

1) еңбек міндеттерін атқару кезінде - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген тәртіп пен мөлшерде;

2) өзге де іс-әрекеттерімен залал келтіргенде - зандарда көзделген тәртіп пен мөлшерде материалдық жағынан жауапты болады.

2. Сезікті немесе айыпталушы мемлекетке келтірген материалдық залалдың мөлшері күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының қаулысымен белгіленеді.

3. Қаулы сезіктіге немесе айыпталушыға қолы қойғызыла отырып жарияланады және оған жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағым беруге болады.

4. Материалдық залалды өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда ол Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес сот тәртібімен өндіріліп алынады.

5. Келтірілген материалдық залал үшін дұрыс өндіріліп алынбаған сомалар сезіктіге немесе айыпталушыға қайтарылуға тиіс және оның жеке шотына салынады.

6. Сезіктің немесе айыпталушының өтініш бойынша ол келтірген материалдық залалды оның туыстары немесе өзге де адамдар олардың келісімімен өтеуі мүмкін.

7. Сотталған адам жазалауды орындаушы мекемеге жіберілген жағдайда өтелмеген материалдық залалды аталған мекеменің әкімшілігі сотталған адамның жеке шотына түсken қаражаттан өндіріп алады.

8. Сезікті немесе айыпталушы күзетте ұстаудан босатылған жағдайда олар өтемеген материалдық залал сottың шешімімен өндіріліп алыныу мүмкін.

9. Күзетте ұстау орны әкімшілігінің кінәсінен сезіктіге немесе айыпталушыға келтірілген материалдық залал Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріліп алынады.

Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253 Заңымен.

#### **41-бап. Тамақ ішуден бас тартқан кезде қолданылатын шаралар**

1. Сезіктінің немесе айыпталушының тамақ ішуден бас тарту фактісі анықталған жағдайда күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы немесе оның орынбасары оның себептерін анықтауға және ол туралы қылмыстық істі жүргізуі адамға немесе органға, сондай-ақ күзетте ұстау орындарында заңдардың қолданылуына қадағалау жасауды жүзеге асыратын прокурорға хабарлауға міндетті.

2. Тамақ ішуден бас тартқан сезікті немесе айыпталушы мүмкіндігінше басқа сезіктілер мен айыпталушылардан жеке ұсталады және ол медициналық қызметкердің бақылауында болады.

3. Егер өміріне қауіп төнсе, тамақ ішуден бас тартқан сезіктінің немесе айыпталушының денсаулығын сақтауға бағытталған шаралар, оның ішінде мәжбүрлеу сипатындағы шаралар оны бақылаушы медициналық қызметкердің жазбаша қорытындысы негізінде медициналық айқындалар бойынша жүзеге асырылады.

4. Сезіктінің немесе айыпталушының тамақ ішуден бас тартуы оны басқа күзетте ұстау орнына этаппен немесе айдауылмен апаруға, сондай-ақ тергеу іс-әрекеттері мен сот отырыстарына қатысуына кедергі келтірмейді. Қажет болған жағдайда этаппен немесе айдауылмен апаруға медициналық қызметкер ілесіп барады.

#### **42-бап. Күзетте ұстау орындарында дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды қолданудың жалпы негіздері**

Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері не құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін тартылған ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің өзге де қызметкерлері дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды тек заңдарда көзделген жағдайларда ғана қолданады. Күзетте ұстау орындарының қызметкерлері арнаулы даярлықтан, сондай-ақ дене күшін, арнаулы құралдарды, газбен және оқпен атылатын қаруларды қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-әрекеттерге жарамдылығына оқтын-оқтын тексеруден өтіп отыруға міндетті.

Ескерту. 42-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.29 № 25 Заңымен.

#### **43-бап. Күзетте ұстау орындарында дене күшін қолдану**

Күзетте ұстau орындарында сезіктіге немесе айыпталушыға қатысты дene күші, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдері, егер күш қолданылмайтын әдістер құқық бұзушылықты тоқтатуды не занды талаптардың орындалуын қамтамасыз етпесе, ол жасаған құқық бұзушылықтың немесе оның күзетте ұстau орны қызметкерлерінің занды талаптарына қарсы әрекетінің жолын кесу үшін қолданылуы мүмкін.

#### **44-бап. Күзетте ұстau орындарында арнаулы құралдар мен газ қаруын қолдану**

1. Күзетте ұстau орындарында арнаулы құралдар мен газ қарулы мынадай жағдайларда:

1) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстau орындарының қызметкерлеріне және өзге де адамдарға шабуылын тойтару үшін;

2) жаппай тәртіпсіздіктің немесе күзетте ұстauдың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтың жолын кесу үшін;

3) күзетте ұстau орындары қызметкерлерінің немесе құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін тартылған ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің өзге де қызметкерлерінің занды талаптарына бағынбаушылық көрсеткен сезіктінің немесе айыпталушының заңсыз іс-әрекетінің жолын кесу үшін;

4) кепілге алынған адамдарды босату, азаматтарға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер участкелеріне шабуылды тойтару үшін, сондай-ақ оларды басып алушан босату үшін;

5) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстau орындарынан немесе айдауылдан қашу әрекетінің жолын кесу үшін;

6) сезіктінің немесе айыпталушының айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтіру әрекетінің жолын кесу үшін;

7) қашқан не бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтарған сезіктілерді, айыпталушылар мен сотталғандарды ұстau және айдауылмен алыш жүргү үшін қолданылуы мүмкін.

#### **2. Арнаулы құралдар ретінде:**

1) осы баптың 1-тармағының 3), 5)-7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - қол кісендері, күзетте ұстau орындарының қызметкерлері қол кісендері болмаған кезде қолда бар байлап-матай құралдарын пайдалануға құқылы;

2) осы баптың 1-тармағының 1)-6),7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - резина таяқтар;

3) осы баптың 1-тармағының 1)-4), 6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - газ қаруы мен көзден жас ағызатын заттар;

4) осы баптың 1-тармағының 1)4), 6) тармақшаларында көзделген жағдайларда - алаңдатушы әсері бар жарық-дыбыс құрылғылары;

5) осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда - үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғылар;

6) осы баптың 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда - су атқыштар, бронды машиналар мен басқа да арнаулы және көлік құралдары;

7) осы баптың 1-тармағының 1)-6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда - қызметтік жануарлар қолданылуы мүмкін.

3. Эйелдер, мүгедектігі анық байқалатын адамдар айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, оларға арнаулы құралдарды, газ қаруын және жауынгерлік құрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

Ескеरту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.29 № 25 Занымен.

#### **45-бап. Күзетте ұстau орындарында оқ ататын қаруды қолдану**

1. Күзетте ұстau орындарында оқ ататын қару мынадай жағдайларда:

1) сезіктілер мен айыпталушылардың, өзге де адамдардың күзетте ұстau орындары қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуылынан қорғану үшін;

2) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстau орындарының қызметкерлеріне, өзге де адамдарға қару иелену мақсатымен жасаған шабуылын тойтару үшін;

3) кепілге алынған адамдарды, басып алынған үйлерді, ғимараттарды, үй-жайларды және көлік құралдарын босату үшін;

4) күзетте ұстau орындарының үйіне, ғимаратына, үй-жайына және көлік құралдарына топтасып немесе қарулы шабуыл жасауды тойтару үшін;

5) қарулы қарсылық көрсеткен, сондай-ақ күзетте ұстau орындары қызметкерлерінің немесе өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы ауыр қылмыс жасау кезінде қолға түскен адамды ұстau үшін;

6) сезіктінің немесе айыпталушының күзетте ұстau орнынан немесе айдауылдан қашу әрекетінің жолын кесу үшін;

7) күзетте ұстau орны қызметкерінің қаруды тапсыру туралы заңды талабын орындаудан бас тартқан қарулы адамды ұстau үшін;

8) сезіктілер мен айыпталушыларды күш қолданып босату әрекеттерінің жолын кесу үшін;

9) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;

10) дабыл белгісін беру немесе көмек шақыру үшін;

11) өзге де қажетті қорғану және өте қажеттілік жағдайларында қолданылуы мүмкін

2. Эйелдер мен кәмелетке толмагандар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды кепілге алған, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемесін басып алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

3. Адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған қару және арнаулы құралдар қолданылған әрбір жағдай туралы прокурорға деруу хабарланады.

## **46-бап. Құзетте ұстau орындарындағы ерекше жағдайлар режимі**

1. Құзетпен ұстau орындары орналасқан ауданда табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, төтенше, ерекше жағдай және соғыс жағдайы енгізілген кезде, құдіктілер мен айыпталушылардың жаппай тәртіпсіздігі немесе бағынбаушылығы жағдайларында не болмаса қамауда ұстau орнына қарулы шабуыл жасаудың нақты қаупі болған кезде Қазақстан Республикасының Бас прокурорымен келісілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының, Қорғаныс министрінің шешімі бойынша тиісті қамауда ұстau орындарында отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ерекше жағдай режимі енгізіледі.

Ерекше жағдайлар режимін енгізу мақсаттарына көрсетілген мерзімдерде қол жеткізілмеген жағдайда, оның қолданылу уақытын көрсетілген лауазымды адамдар қосымша отыз тәулікке дейін ұзартады.

2. Ерекше жағдайлар режимін енгізу кезінде:

1) құзетпен ұсталатын құдіктілерді, айыпталушылар мен сотталушыларды құзету, өткізу режимі және қадағалау қүшайтіледі;

2) мыналар:

құдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың қатысуымен өткізілетін барлық іс-шаралар;

сауқаттар мен сәлемдемелер қабылдау;

қорғаушымен кездесу;

осы Заңның 17-бабында санамаланған туыстарымен және өзге де адамдармен кездесу;

құдіктілердің, айыпталушылардың және сотталушылардың тергеу әрекеттері мен сот отырыстарына қатысу үшін шығуы;

құдіктілерді, айыпталушыларды, сотталушыларды уақытша ұстau изоляторларына ауыстыру шектелуі немесе тоқтатыла тұруы мүмкін;

3) мынадай:

құдіктіге, айыпталушыға және сотталушыға қылмыстық процесті жүргізуіші адамның немесе органның жазбаша рұқсаты негізінде жеке қаражатынан төленетін телефон арқылы сөйлесу;

құдіктілерге, айыпталушыларға және сотталушыларға қорғаушылармен, туыстарымен және өзге де адамдармен осы Заңның 17-бабында көзделген тәртіппен мекемеде бар телекоммуникация құралдарын қолдана отырып кездесулер үйимдастырылуы мүмкін.

3. Құдіктілер мен айыпталушылардың және өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, қамауда ұстau орны әкімшілігінің басшысы тиісінше Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына, Қорғаныс министріне, Бас прокурорына,

аумағында қамауда ұстай орны орналасқан ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі, ұлттық қауіпсіздік органдарының бастықтарына дереу хабарлай отырып, осы баптың 2-тармағында көзделген шараларды дербес енгізе алады.

4. Құзетте ұстай орындарындағы ерекше жағдай режимін оны енгізген орган немесе лауазымды адам не жоғары тұрган орган немесе лауазымды адам жояды.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.07.16 № 244, 2012.01.18 № 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **3-1-тaraу. Адамдарды қабылдау-бөлу орындарында ұстай**

Ескерту. Заң 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 375-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **46-1-бап. Қабылдау-бөлу орындарына жеткізілген адамдарды қабылдау және тіркеу**

1. Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдау ішкі істер органдары қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

2. Егер қабылдауға бөлінген мерзім ішінде жеке басы анықталмаса, ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекітетін тәртіппен іс-шаралар кешенін жүргізеді.

Адамның тұрғылықты жерін және (немесе) жеке басын анықтау мүмкін болмаган кезде ішкі істер органдары сотқа мұндай адамға қатысты жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеуді қолдану туралы қаулыны ол ұсталған кезден бастап қырық сегіз сағат ішінде жібереді.

Сот санкциясы алынғаннан кейін қаулы белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамға қолхат ала отырып дереу хабарланады. Сот жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеуді қолдану туралы қаулыны санкциялаудан бас тартқан жағдайда, мұндай адам қабылдау-бөлу орнынан дереу босатылады.

3. Жанында балалары бар, белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамды ұстаған кезде сот Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның тұрып жатқан жерін анықтау жөніндегі шараларды қолданады.

4. Шетелдіктерді қабылдау-бөлу орындарына орналастырған кезде ұстайды жүзеге асырған мемлекеттік орган бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және Ішкі істер министрлігіне дереу хабарлайды.

5. Қабылдау-бөлу орнына жеткізілген және орналастырылған әр адам жеке тексеріледі, медициналық қуәландырудан, санитариялық өндеуден өткізіледі, дактилоскопияланады және суретке түсіріледі.

6. Жеке тексеру, медициналық қуәландыру, санитариялық өндеу, дактилоскопиялау, суретке түсіру тәртібі, сондай-ақ алып қоюға жататын заттар тізбесі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекітетін қабылдау-бөлу орнындағы ішкі тәртіп қағидаларында айқындалады.

#### **46-2-бап. Қабылдау-бөлу орнында орналастырылған адамдарды тексеру**

1. Қабылдау-бөлу орнына орналастырылған, белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын қуәландыратын құжаттары жоқ адам жеке басын анықтау мақсатында тексеріледі.

2. Қабылдау-бөлу орнына орналастырылған адамнан жауап алу ол қабылдау-бөлу орнында болған тәулік ішінде жүргізіледі. Жауап алудың нәтижелері жауап алынушының және жауап алуды жүргізген қызметкердің қолы қойылатын хаттамамен ресімделеді.

#### **46-3-бап. Қабылдау-бөлу орнында ұстau мерзімдері, одан босату тәртібі мен негіздері**

1. Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын қуәландыратын құжаттары жоқ адам қабылдау-бөлу орнына ішкі істер органының жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеуді қолдану туралы сот санкциялаған қаулысы негізінде отыз тәулікке дейінгі мерзімге орналастырылады.

2. Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын қуәландыратын құжаттары жоқ адам қабылдау-бөлу орнынан осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімнен бұрын, мынадай:

1) жеке басы анықталған;

2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға қатыстылығы анықталған;

3) адамның кәмелетке толмағандығы анықталып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жіберілген;

4) реадмиссия тәртібімен берілген жағдайларда босатылады.

3. Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын қуәландыратын құжаттары жоқ адам қабылдау-бөлу орнынан босатылған кезде қабылдау-бөлу орнының бастығы немесе оның орынбасары қаулы шығарады, онда жеке басын анықтау бойынша тексеру нәтижелері баяндалады. Босатылған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде прокурор, сот және белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы жазбаша түрде хабардар етіледі.

Қабылдау-бөлу орнынан босатылған, белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын қуәландыратын құжаттары жоқ адамға одан сақтауға алып қойылған,

сақталуы заңсыз болып табылатын нәрселер мен заттарды қоспағанда, құжаттары, ақшасы және заттары қолхат ала отырып қайтарылады.

4. Қабылдау-бөлу орнынан босатылған кезде белгілі бір түрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарға одан әрі орналасатын жеріне жету уақытына қабылдау-бөлу орнында ұстau үшін көзделген тамақтану нормалары бойынша құрғақ азық-түлік және босатылғаны туралы анықтама беріледі.

Ескерту. 46-3-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 327-VI Заңдарымен.

#### **46-4-бап. Қабылдау-бөлу орындарында ұстau режимі**

1. Қабылдау-бөлу орындарында ұсталушы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және олардың өз бетінше кету мүмкіндігін болғызбайтын режим белгіленеді. Қабылдау-бөлу орнында ұстau, үй-жайды жабдықтау шарттары, күн тәртібі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекітетін қабылдау-бөлу орнындағы ішкі тәртіп қағидаларында айқындалады.

2. Қабылдау-бөлу орындарында ұсталушы, белгілі бір түрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдар күзette ұсталатындар және уақытша ұстau изоляторындағылар үшін белгіленген нормалар бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі.

Егер ұсталғандармен бірге балалар болса, олар сот шешімі бойынша бөлек камераға бірге орналастырылып, Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы туралы заңнамасына сәйкес тамақпен қамтамасыз етілуі мүмкін.

3. Қабылдау-бөлу орнына орналастырылған ер адамдар әйел адамдардан бөлек ұсталады.

4. Қабылдау-бөлу орнында ұсталушы адамдарға "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дене күші және арнайы құралдар қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 46-4-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **46-5-бап. Қабылдау-бөлу орындарында ұсталушы адамдардың құқықтары мен міндеттері**

1. Қабылдау-бөлу орындарында ұсталушы адамдардың:

1) өздерінің құқықтары мен міндеттері, қабылдау-бөлу орнында ұстalу режимі, ұсыныстар, арыздар мен шағымдар беру тәртібі туралы ақпарат алуға;

2) қабылдау-бөлу орнында болу кезеңінде жеке басының қауіпсіздігіне;

3) ішкі тәртіп қағидаларында бекітілетін нормалар бойынша оларға материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық қызмет көрсетілуіне;

4) тұнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға;

- 5) күніне кемінде екі сағат күнделікті серуенге;
- 6) ішкі тәртіп қағидаларының және қабылдау-бөлу орнында ұсталушы басқа да адамдардың құқықтарының сақталуы шартымен діни жоралар жасауға;
- 7) қабылдау-бөлу орнының әкімшілігіне, прокуратура органдарына, сотқа өздерін ұстаудың заңдылығы мен негізділігі, сондай-ақ өздерінің құқықтары мен заңды мұдделерінің бұзылуы мәселелері бойынша жүгінуге құқығы бар.

2. Қабылдау-бөлу орындарына орналастырылған адамдар ішкі тәртіп қағидаларын орындауға міндettі.

3. Белгіленген ішкі тәртіп қағидаларын бұзған адамдарға теріс қылышының сипатына немесе ауырлығына байланысты мынадай ықпал ету

шаралары:

- 1) ескерту;
- 2) қабылдау-бөлу орнының үй-жайларын жинау бойынша кезектен тыс наряд қолданылады.

Ікпал ету шараларын қолдану туралы шешімді қабылдау-бөлу орнының бастығы қабылдайды және дәлелді қауымен ресімделеді.

**3-2-тaraу. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottalған адамдарды, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды арнаулы қабылдау орындарында, қабылдау-бөлу орындарында, уақытша ұстau изоляторларында, гауптвахталарда ұстau**

Ескерту. 3-2-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

Ескерту. Заң 3-2-тараумен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 375-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**46-6-бап. Арнаулы қабылдау орындарына, қабылдау-бөлу орындарына, уақытша ұстau изоляторларына жеткізілген әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottalған адамдарды, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қабылдау және тіркеу**

Ескерту. 46-6-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

1. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған адамдар, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арнаулы қабылдау орнына, қабылдау-бөлу орнына, уақытша ұстau изоляторына түскен кезде:

1) судьяның өзі қол қойған және соттың мөрімен бекемделген не электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қуәландырылған қамауға алу туралы қаулысының;

1-1) ішкі істер органының жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу туралы сот санкциялаған қаулысының;

2) арнаулы қабылдау орнында, қабылдау-бөлу орнында, уақытша ұстau изоляторында сақтауға тыйым салынған, алып қойылған заттарымен жеке жете тексеру хаттамасының;

3) әкімшілік қамауға алынған адамның, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның жеке басын қуәландыратын құжаттарының болуы тексеріледі.

2. Арнаулы қабылдау орнына, қабылдау-бөлу орнына, уақытша ұстau изоляторына жеткізілген адамдарды тіркеу, жеке жете тексеруді, медициналық қуәландыруды, дактилоскопиялауды, фотоға түсіруді жүргізу, шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің немесе консулдық мекемелерінің ресми өкілдерінің өздері өкілдік ететін мемлекеттің азаматы болып табылатын шетелдікке келу тәртібі, сондай-ақ алып қойылуға жататын заттар тізбесі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі bekіtetін Арнаулы қабылдау орнындағы ішкі тәртіптеме қағидаларында айқындалады.

3. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған адамдардың арнаулы қабылдау орнына, қабылдау-бөлу орнына, уақытша ұстau изоляторына орналастырылғаны немесе олардың тиісті медициналық ұйымдарға жіберілгені туралы арнаулы қабылдау орнының, қабылдау-бөлу орнының, уақытша ұстau изоляторының әкімшілігі бір тәулік ішінде олардың жақын туыстарына – тұрғылықты жері бойынша, ал шетелдікті орналастырган жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы шет мемлекеттің елшілігіне, консулдығына немесе өзге өкілдігіне де хабарлайды.

4. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталған адамдардың, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың сотқа, прокуратура органдарына немесе басқа да мемлекеттік органдарға жазған өтініштері мен ұсыныстары қаралмайды және олар берілген уақытынан бастап жиырма төрт сағат ішінде мекенжайы бойынша жіберіледі.

5. Арнаулы қабылдау орны болмаған немесе онда орындар болмаған не арнаулы қабылдау орнының шалғайлышынан немесе тиісті қатынас жолдарының болмауынан

оған жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдарды қабылдау-бөлу орнында немесе уақытша ұстай изоляторында ұстаяға жол беріледі.

Уақытша ұстай изоляторында әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдар және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдар бөлек ұсталады.

Арнаулы қабылдау орнына орналастырылған кезде әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдар бөлек ұсталады.

Қабылдау-бөлу орнында әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдар және белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын күәландыратын құжаттары жоқ адамдар бөлек ұсталады.

**Ескерту. 46-6-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**46-7-бап. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдарды, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды ұстай режимі**

**Ескерту. 46-7-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

1. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдар, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар есіктерінде берік тиектері және қарау тесіктері болуға тиісті камераларда ұсталады, терезелер металл торлармен жабдықталады. Әр камерада арнаулы қабылдау орнындағы, қабылдау-бөлу орнындағы, уақытша ұстай изоляторындағы Ішкі тәртіп қағидалары ілінеді.

2. Арнаулы қабылдау орындарында, қабылдау-бөлу орындарында, уақытша ұстай изоляторларында тәулік бойы кезекшілікті қамтамасыз ететін және онда ұсталушы адамдардың мекеменің шегінен тыс жерлерге өз бетінше кету мүмкіндігін болғызбайтын режим белгіленеді.

Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдарға, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дене күші және арнаулы құралдар қолданылуы мүмкін.

3. Арнаулы қабылдау орындарында, қабылдау-бөлу орындарында, уақытша ұстau изоляторларында ұсталатын әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдар, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тамақпен күзетпен ұсталатындар және уақытша ұстau изоляторында отыргандар үшін белгіленген нормалар бойынша қамтамасыз етіледі. Тамақ өнімдерін күн сайын ведомость бойынша кезекші береді.

4. Арнаулы қабылдау орындарына, қабылдау-бөлу орындарына, уақытша ұстau изоляторларына орналастырылған ерлер әйелдерден бөлек орналастырылады.

5. Туберкулездің жұқпалы түрімен, венерологиялық және басқа да инфекциялық аурулармен ауыратындар әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған басқа адамдардан, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардан оқшауландырылады.

6. Әкімшілік қамауға алынған әскери қызметшілер гаупвахталарда ұсталады.

Әскери қызметшілердің гаупвахтада әкімшілік қамауды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қauіпсіздік комитеті айқындайды.

Ескерту. 46-7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

46-8-бап. Арнаулы қабылдау орындарында, қабылдау-бөлу орындарында, уақытша ұстau изоляторларында, гаупвахталарда ұсталатын әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдардың, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 46-8-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

1. Арнаулы қабылдау орындарында, қабылдау-бөлу орындарында, уақытша ұстau изоляторларында ұсталатын әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottалған адамдардың, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың:

1) өздерінің құқықтары мен міндеттері, арнаулы қабылдау орнында, қабылдау-бөлу орнында, уақытша ұстau изоляторында ұстau режимі, ұсыныстар, арыздар мен шағымдар беру тәртібі туралы ақпарат алуға;

2) арнаулы қабылдау орнында, қабылдау-бөлу орнында, уақытша ұстau изоляторында болу кезеңінде жеке басының қауіпсіздігіне;

3) арнаулы қабылдау орнындағы Ішкі тәртіп қағидаларында бекітіletіn нормалар бойынша материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық көрсетіletіn қызметтер алуға;

4) хаттар, сауқаттар, бандерольдер мен сәлемдемелер алуға;

5) түнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға;

6) күніне кемінде екі сағат күн сайын серуендеуге;

7) арнаулы қабылдау орнында, қабылдау-бөлу орнында, уақытша ұстau изоляторында Ішкі тәртіп қағидаларын және басқа да адамдардың құқықтарын сақтаған жағдайда – діни жораларды орындауға;

8) арнаулы қабылдау орнының, қабылдау-бөлу орнының, уақытша ұстau изоляторының әкімшілігіне, прокуратура органдарына, сотқа өздерінің құқықтары мен занды мұдделерінің бұзылуы мәселелері бойынша өтініш жасауға құқығы бар.

2. Арнаулы қабылдау орындарына, қабылдау-бөлу орындарына, уақытша ұстau изоляторларына орналастырылған әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottalған адамдар, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арнаулы қабылдау орнындағы, қабылдау-бөлу орнындағы, уақытша ұстau изоляторындағы Ішкі тәртіп қағидаларын орындауға міндettі.

3. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottalған, гауптвахталарда ұсталатын әскери қызметшілерге әскери қызметшілердің гауптвахтада әкімшілік қамақты өтеу тәртібіне сәйкес осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылады.

Ескерту. 46-8-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-

VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

46-9-бап. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottalған адамдарды, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды арнаулы қабылдау орнынан, қабылдау-бөлу орнынан, уақытша ұстau изоляторынан, гауптвахтадан босату

Ескерту. 46-9-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - КР 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottalған адамдар арнаулы қабылдау орнынан, қабылдау-бөлу орнынан, уақытша ұстасу изоляторынан, гауптвахтадан судьяның қаулысымен белгіленген әкімшілік қамауға алу мерзімін өтегеннен кейін босатылады.

1-1. Мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар шығарып жіберу туралы сот үкімін, шешімін, қаулысын орындау үшін не жүріп-тұру бостандығын алдын ала шектеу мерзімі өткеннен кейін арнаулы қабылдау орнынан босатылады.

2. Босатылған адамдарға сақталуы заңсыз болып табылатын заттардан басқа, олардан сақтауға алып қойылған құжаттары, ақшасы мен заттары қолхат алына отырып қайтарылады.

3. Әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сottalған адамдар, мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар атыс қаруын немесе сүйк қаруды, жарылғыш, қатты әсер ететін немесе улы заттарды және есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз сақтаған кезде шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданады.

4. Босатылған адамға оның арнаулы қабылдау орнында, қабылдау-бөлу орнында, уақытша ұстасу изоляторында, гауптвахтада болғаны туралы анықтама беріледі.

Ескерту. 46-9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 210-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### 3-3-тарау. Ұлттық алдын алу тетігі

Ескерту. Заң 3-3-тараумен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 № 111-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 3-3-тараудағы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілді" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **46-10-бап. Ұлттық алдын алу тетігі**

1. Ұлттық алдын алу тетігі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде қолданылады.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз қызметі шеңберінде қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелер мен үй-жайларда, сондай-ақ осы қатысушылардың болуы (бұдан әрі – алдын ала болу) үшін Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын өзге де ұйымдарда болады.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін, азаматтардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық байқаушы комиссиялардың және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданады.

5. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

#### **46-11-бап. Үйлестіру кеңесі**

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қоспағанда, Үйлестіру кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл құратын комиссия Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан сайлайды.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл:

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені;

ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын іріктеу тәртібін;

алдын ала болу үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан топтар құру тәртібін;

алдын ала болу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды;

алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау тәртібін бекітеді.

3. Үйлестіру кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Азаптауға қарсы комитетінің Азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимыл жасайды.

#### **46-12-бап. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына қойылатын талаптар**

1. Мынадай:

- 1) занда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар;
- 2) қылмыс жасады деп құдік келтірілген немесе айыпталған;
- 3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;

4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер және әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар, азаматтық қорғау органдары қызметкерлері;

5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұратын адамдар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

2. Қасақана қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айрылған адамдар да ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

**Ескерту. 46-12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

#### **46-13-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының құқықтары**

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы:

1) алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдарда ұсталатын адамдардың саны, осындағы мекемелер мен ұйымдардың саны және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуға;

2) алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ оларды ұстасу жағдайларына қатысты ақпаратқа қол жеткізе алуға;

3) алдын ала болуды құрылған топтардың құрамында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;

4) алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдарда ұсталатын адамдармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қуәларсыз, жеке өзі немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесулер өткізуге;

5) алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдарды кедергісіз тандауға және оларда болуға;

6) азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы хабарламалар мен шағымдарды қабылдауға құқылы.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышызы занды қызметін жүзеге асырған кезде тәуелсіз болып табылады.

#### **46-14-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының міндептері**

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары өз өкілеттіктерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндепті.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдардың қызметіне араласуына жол берілмейді.

3. Алдын ала болу жөніндегі топқа кіретін ұлттық алдын алу тетігі қатысуышының турашылдығына құмән туғызатын мән-жайлар болған кезде, ол алдын ала болуға қатысадан бас тартуға міндепті.

4. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы қабылданатын хабарламалар мен шағымдарды Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл айқындайтын тәртіппен тіркеуге міндепті.

Қабылданған хабарламалар мен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қарауына беріледі.

Қабылданған және берілген хабарламалар мен шағымдар туралы ақпарат алдын ала болу нәтижелері жөніндегі есепке енгізіледі.

5. Осы Заңның ережелерін бұзған ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

#### **46-15-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышының өкілеттіктерін тоқтату**

Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышының өкілеттіктері:

- 1) осы Заңның ережелері бұзылған;
- 2) өз өкілеттіктерін доғару туралы жазбаша өтініш берілген;
- 3) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі занды қүшіне енген;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- 6) соттың айыптау үкімі занды қүшіне енген;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

#### **46-16-бап. Алдын ала болудың түрлері мен кезеңділігі**

1. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының алдын ала болуы мыналарға бөлінеді

:

- 1) төрт жылда кемінде бір рет, ұдайы негізде жүргізілетін кезеңдік алдын ала болу;
- 2) алдыңғы кезеңдік алдын ала болу нәтижелері бойынша ұсынымдарды іске асыру мониторингі, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары әңгімелесулер өткізген адамдарды алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдардың әкімшіліктері тараапынан қудалаудың алдын алу мақсатында кезеңдік алдын ала болулар аралығындағы кезеңде жүргізілетін аралық алдын ала болу;
- 3) азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы келіп түскен хабарламалардың негізінде жүргізілетін арнаулы алдын ала болу.

2. Үйлестіру кеңесі бөлінген бюджет қаражаты шегінде алдын ала болу мерзімдерін және алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдардың тізбесін айқындаиды.

#### **46-17-бап. Алдын ала болу тәртібі**

1. Алдын ала болуды Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құратын топтар жүргізеді.

2. Алдын ала болу үшін топтар құру кезінде ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының ешқайсысын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нағымына, тұрғылықты жеріне қатысты себептер бойынша немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітуге болмайды.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігіне жүктеледі. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының құқыққа сыйымсыз әрекеттері орын алған жағдайда, алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдар әкімшілігінің басшысы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді жазбаша хабардар етеді.

4. Эрбір алдын ала болудың нәтижелері бойынша топтың атынан Үйлестіру кеңесі бекіткен нысанда жазбаша есеп жасалады, оған алдын ала болуды жүзеге асырған топтың барлық мүшелері қол қояды. Ерекше пікірі бар топ мүшесі оны жазбаша түрде ресімдейді және есепке қоса береді.

#### **46-18-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы**

1. Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын олардың алдын ала болу нәтижелері бойынша есептерін ескере отырып дайындаиды.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына:

уәкілетті мемлекеттік органдарға алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жағдайларын жақсарту және

азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша ұсынымдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар да енгізіледі.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына өткен жылғы алдын ала болу жөніндегі қаржылық есеп қоса береді.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы қарау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі және оны Үйлестіру кеңесі бекіткен күннен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдін интернет-ресурсында орналастырылады.

#### **46-19-бап. Құпиялыштық**

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышылары алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісуінсіз жария етуге құқылы емес.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісуінсіз жария етуі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **46-20-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларымен өзара іс-қимылды**

1. Мемлекеттік органдар және олардың лауазымды адамдары ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларына өздерінің занды қызметін жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді.

Бірде-бір мемлекеттік орган немесе лауазымды адам азаптауды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін қолдану фактілері туралы ұлттық алдын алу тетігінің қатысуышыларына хабарлағаны үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге құқылы емес.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының занды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді алынған баяндамаларды қарау нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының алдын ала болу нәтижелері бойынша есептері негізінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға адамның және азаматтың

құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық істі қозғау туралы өтінішхат беруге құқығы бар.

### **3-4-тaraу. Әкімшілік ұстауға алынған адамдарды арнаулы үй-жайларда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұстау**

Ескерту. 3-4-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Заң 3-4-тараумен толықтырылды – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **46-21-бап. Әкімшілік ұстауға алынған адамдарды арнаулы үй-жайларға қабылдау және тіркеу**

1. Арнаулы үй-жайларға отырғызылатын адамдарды қабылдау және тіркеу, жеке қарап тексеруді, медициналық куәландыруды, дактилоскопиялауды, суретке түсіруді жүргізу тәртібі, сондай-ақ алып қоюға жататын заттардың тізбесі арнаулы үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.

Уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабылатын әскери қызметшілерді қабылдау және тіркеу, жеке жете тексеруді, медициналық куәландыруды (қажет болған кезде дактилоскопиялауды және фотосуретке түсіруді) жүргізу тәртібі, сондай-ақ алып қоюға жататын заттардың тізбесі уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.

2. Әкімшілік ұстауға алынған адамдардың арнаулы үй-жайларға жабылғаны туралы олардың түрғылықты жері бойынша жақын туыстарына, әкімшілік ұстауға алынған әскери қызметшілердің уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабылғаны туралы әскери бөлімдердің (мекемелердің) қолбасшылығына (bastықтарына) дереу хабарланады.

Шетелдікті арнаулы үй-жайға отырғызған кезде әкімшілік ұстап алушы жүзеге асыратын мемлекеттік орган бұл туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және Ішкі істер министрлігіне дереу хабарлайды.

Ескерту. 46-21-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **46-22-бап. Арнаулы үй-жайларда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұстау режимі**

Ескерту. 46-22-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Арнаулы үй-жайларда ұсталатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және олардың өз бетінше кету мүмкіндігін болғызбайтын режим белгіленеді. Ұстau жағдайлары, үй-жайларды жабдықтауға қойылатын талаптар арнаулы үй-жайдың үлгілік ішкі тәртіптеме қағидаларында айқындалады.

2. Ұстauға алынған, арнаулы үй-жайларда ұсталатын адамдар күзетпен ұсталатындар мен арнаулы қабылдау орындарындағылар үшін белгіленген нормалар бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі. Тамақ өнімдері құн сайын ведомость бойынша беріледі.

3. Арнаулы үй-жайларға орналастырылған ер адамдар әйел адамдардан бөлек орналастырылады.

4. Өздеріне қатысты ұстап алу қолданылған кәмелетке толмағандар ересек адамдардан бөлек ұсталады.

5. Инфекциялық және паразиттік аурулармен ауыратындарды ұстauға алынған басқа да адамдармен бірге ұстauға болмайды.

6. Уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда әскери қызметшілерді ұстau режимі уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларында айқындалады.

**Ескеrtу. 46-22-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

**Заңымен.**

**46-23-бап. Арнаулы үй-жайларда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұсталатын, ұстauға алынған адамдардың құқықтары мен міндеттері**

**Ескеrtу. 46-23-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – КР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Ұстauға алынған адамдар:

1) өздерінің құқықтары мен міндеттері, арнаулы үй-жайда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайда ұстau режимі туралы ақпарат алуға;

2) арнаулы үй-жайда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайда болу кезеңінде жеке басының қауіпсіздігіне;

3) материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық қызмет көрсетуді алуға;

4) полиция, әскери полиция органдарының басшысына, прокуратура органдарына, сотқа өздерінің құқықтары мен занды мүдделерінің бұзылу мәселелері бойынша жүгінуге құқығы бар.

2. Арнаулы үй-жайларға, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға орналастырылған адамдар тиісінше полиция органының, әскери полиция органының басшысы бекітетін арнаулы үй-жайдың, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайдың ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға міндетті.

Ескерту. 46-23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **46-24-бап. Ұстауға алынған адамдарды арнаулы үй-жайдан, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайдан босату**

Ескерту. 46-24-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ұстауға алынған адамдар ұсталуына негіз болған мән-жайлар жойылған кезде не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ұстап алу мерзімі аяқталғаннан кейін дереу босатылуға жатады.

2. Босатылған адамдарға сақталуы заңсыз болып табылатын заттардан басқа, олардан сақтауға алып қойылған құжаттары, ақшасы мен заттары қолхатпен қайтарылады.

3. Ұстауға алынған адамдар атыс немесе сұық қаруды, жарылғыш, қатты әсер ететін немесе улы заттарды және есірткі заттарын заңсыз сақтаған кезде шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданады.

4. Босату кезінде адамға оның арнаулы үй-жайда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайда болғаны туралы анықтама беріледі.

Ескерту. 46-24-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

#### **47-бап. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босатудың негіздемелері**

Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босатуға:

1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес тергеуші, анықтаушы, прокурор немесе судья шығарған қаулы, сондай-ақ сот қаулысы;

2) күзетте ұстау орны әкімшілігі басшысының немесе прокурордың Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген күзетте ұстау мерзімінің бітуіне байланысты аталған сезіктіні немесе айыпталушыны босату туралы қаулысы негіздеме болады.

#### **48-бап. Сезіктілермен айыпталушыларды күзетте ұстаудан босату тәртібі**

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудан тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе судьяның дәлелді қаулысын алғаннан кейін, не соттың дәлелді қаулысы бойынша күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы босатады.

2. Күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысы сезіктіні немесе айыпталушыны күзетте ұстау мерзімі біткенге дейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей ол туралы қылмыстық істі жүргізуші органға не адамға, сондай-ақ прокурорға хабарлауға міндетті

3. Егер занмен белгіленген бұлтартпау шарасы ретінде ұстай немесе күзетпен ұстай мерзімі біткеннен кейін сезіктің немесе айыпталушыны босату туралы не оны бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстай мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім немесе бұл шешім туралы хабарлама келіп түспесе, күзетте ұстай орны әкімшілігінің басшысы оның өзінің қаулысымен босатып, оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес жиырма төрт сағаттың ішінде қылмыстық істі жүргізуші органға немесе адамға және прокурорға жібереді.

4. Осы баптың ұшінші тармағының талаптарын орындамаған жағдайда сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстай орны әкімшілігінің басшысы заңда белгіленгеніндей жаупты болады.

5. Күзетте ұстайдан босатылған сезіктіге немесе айыпталушыға жеке құжаттары, заттары, жеке шотында сақтаулы ақшасы, сондай-ақ оны күзетпен ұстаяға кім санкция бергендігі; ұстайдың және бұлтартпау шарасын тандаудың негіздері, орны мен уақыты; босатудың негіздері мен уақыты көрсетілген анықтама беріледі. Күзетте ұстай орнының әкімшілігі күзетте ұстайдан босатқан сезікті немесе айыпталушы қажет болған жағдайда тұрғылықты жеріне темір жол, автомобиль немесе су көлігімен жүрумен, тамақпен, сондай-ақ маусымға байланысты киіммен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**49-бап. Адамдарды арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұстай тәртібі мен шарттарын қадағалау**

**Ескерту. 49-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Адамдарды арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда ұстай тәртібі мен шарттарын қадағалауды прокуратура органдары жүзеге асырады.

**Ескерту. 49-бап жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **50-бап. Қоғамдық бақылау**

1. Қоғамдық бірлестіктер арнаулы мекемелерде ұсталушы адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ұсталу шарттары, медициналық-санитариялық қамтамасыз етілуі, еңбегін, бос уақыты мен оқуын ұйымдастыру бөлігінде құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда оларға жәрдемдесу мақсатында қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

2. Арнаулы мекемелерді қоғамдық байқау комиссияларының қызметі нысанында қоғамдық бақылау Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 33, 34, 35, 37 және 38-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Алып тасталды – ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Алып тасталды – ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде арнаулы мекемелердің қызметіне, сондай-ақ жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметіне, қылмыстық-процестік қызметке және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге араласуға жол берілмейді.

Ескерту. Заң 50-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 375-IV(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### 51-бап. Қоғамдық бақылау комиссиясының өкілеттіктері

1. Қоғамдық бақылау комиссиясы, сондай-ақ қоғамдық бақылау комиссиясының мүшелері:

1) қоғамдық бақылау комиссиясының кемінде екі мүшесінің құрамында орталық атқарушы органдар айқындайтын тәртіппен арнаулы мекемелерге кедергісіз баруға;

2) арнаулы мекемелерде ұсталушы адамдардың келісімі болған кезде олармен әңгімелесуге, сондай-ақ олардың құқықтарының, бостандықтары мен занды мұдделерінің бұзылуы мәселелері бойынша өтініштер қабылдауға;

3) арнаулы мекеме әкімшілігіне және (немесе) прокуратура органдарына арнаулы мекемелерде ұсталушы адамдардың құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша өтініштермен жүргінуге құқылы.

2. Арнаулы мекемелерде ерекше шарт режимі енгізілген кезеңде қоғамдық бақылау комиссиясының аталған мекемелерге бару жөніндегі өкілеттіктері тоқтатыла түрады.

3. Өз өкілеттіктерін орындау кезінде қоғамдық бақылау комиссиясының мүшелері арнаулы мекемелердің қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілердің ережелерін сақтауға, сондай-ақ аталған мекемелер әкімшілігінің занды талаптарына бағынуға міндетті. Қоғамдық бақылау іс-шараларын өткізу іс жүргізушілік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге тиіс.

Ескерту. Заң 51-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 № 375-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК